

№2 хаттама

Павлодар облысы білім басқармасының, Ертіс ауданының білім бөлімінің "№1 Ертіс ЖОББМ " КММ қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу жөніндегі комиссияның отырысы

Ертіс ауылы

15.08.2025

Қатысты:

Комиссия төрағасы: Мақауов А. А

Комиссия мүшелері: Ауталипова А. М., Ковальчук Л. Г. (келісім бойынша), Петрова Л. Г., Садвакасова Г. К.

Комиссия хатшысы: Джарасова А. А.

Күн тәртібі: "Ертіс №1 ЖОББМ" КММ қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі бос лауазымына үміткерді іріктеу мақсатында конкурс өткізу.

Байқау келесі кезеңдерді қамтиды:

1) білім беру ұйымының және (немесе) тиісті деңгейдегі білім беруді басқару органының интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында және (немесе) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі арқылы конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны айқындау;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

4) кандидаттардың құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

Тыңдады:

1. Комиссия хатшысы конкурс жарияланған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдер түспегенін жариялады (ережеге сәйкес).

2. Комиссия төрағасы А. А. Мақауов лауазымға тағайындау, босату қағидаларының 168-тармағына сәйкес, егер конкурс нәтижесінде комиссия уақытша бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамаса, конкурс өтпеді деп танылатынын мәлімдейді. Сондай-ақ, 173-тармаққа сәйкес екенін түсіндіреді. Бос лауазымға кандидат оқу жылының басында анықталмаған кезде, оқу жылы ішінде бос сағаттар білім беру ұйымының педагогтері арасында бөлінеді және (немесе) педагог және (немесе) қоса атқарушы педагог уақытша қабылданады.

Дауыс берді: бірауыздан "жақтап" - 4 дауыс

"қарсы" - 0 дауыс

Комиссия шешім қабылдады:

1. Павлодар облысы білім басқармасының, Ертіс ауданының білім бөлімінің "№1 Ертіс ЖОББМ" КММ қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі бос лауазымына орналасуға конкурс өтінімдердің болмауына байланысты өткізілмеді деп танылсын.

2. Осы Хаттама "№ 1 Ертіс ЖОББМ " КММ интернет-ресурстарында орналастырылсын.

Конкурстық комиссияның төрағасы:

Мақауов А. А.

Комиссия мүшелері:

Ауталипова А. М.

Ковальчук Л. Г.

Петрова Л. Г.

Садвакасова Г. К.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

Джарасова А. А.